

ӨТЕБАЙ КАНАХИН

Анна
Юнион

© Нестор

ОТЕБАЙ КАНАХИН

*Ата
қоныс*

ПОВЕСТЬ-ЭССЕ



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1990

ББК 84Каз7—44
К 34

Пікір жазған: *Б. Бодаубаев*

Редакторы
Т. Мәмесейітова

ISBN 5-605-00490-5

Жазушы Отебай Қанахиннің әнгіме-сұхбат түрінде жазылған «Ата қоныс» атты жаңа шыгармасын ел мен жер туралы толғау десе де болғандай. Өйткені тугай халқымыздың ежелден келе жаткан ата қасібі мен ата қонысы төнірегіндегі әнгіме бүгінгі ауыл оміріндегі шындықтармен кат-қабат өрбіп, үласын жатады. Халқымыздың ғасырлар бойы өзімен бірге жасасып, атадан балаға үздіксіз жалғасып келе жаткан онегелі салт-санана, әдет-тұрып, дәстүр-рәсімдері де шыгарма шырайын арттыра түседі.

4702250201—118
402(05)—90 55—90

ББК 84Каз7—44

© «Жазушы» баспасы, 1990

Халқыңың сырын өзің білесің де,
Ісіне күйесің де, күлесің де;
Қаласың кейде кейіп, кейде мәз боп,
Әйтеуір, сол халқынды сүйесің де!

Ілияс Жансұғаров.

БІРІНШІ СҮХБАТ

— Армысыз, аға!
— Бар бол, бауырым!..

Нұркей ақсақал қалбалактай орнынан тұрып, маған қарсы ұмтылды; қолындағы таспа тіліп отырған жалпақ қайысын, сабын көк шүберекпен ораған қара пышағын қызыл алаша үстіне тастай сала, мені қаусыра құшақтап, төске төс түйістіріп қазақща көрісті, амандасты. Сосын он қолымды қос қолдап қысып тұрып, біразға дейін уысынан жібермеді. Қарттың саусактарының қаттылығы қышқаштай екен.

— Жарығым келіп қалыпты рой! — деп шыпта жанында жүн тұтіп отырған Бактылы жеңгей де бөстегінен сиыршылап көтеріліп, мені құшағына алды, екі бетімнен кезек сүйді.— Бәсе, кешеден бері он көзім қайта-қайта тартып еді-ау! Өзім де бір жақсылық болар деп жорығантұғым.

— Ал, Қайсаржан, қалай, ол жақтағы ел-жүрг аман, қалың қазак қаз қалпында болар? Өзінді келгеннен де, кеткеннен де, олай-былай өткеннен де үнемі сұрап тұрамыз.

— Аман, аман. Бәрі де жақсы-жайлы жүріп жатыр.

— Кой, мен шай қамдайын. Самаурын қайнағанша қымызбен алдана тұрындар.

Коңыр кенеп дастарқан жайылып, алдымызға зерлі тостаған толы қымыз келді. Сүр татитын сары қымызға (дәмдірек болу үшін mestің ішіне бір білем-жарым казы салады) құмарта бас қойдым.

— Шырағым, сыртыңнан кіленде жақынсырап жүретін тілеукор ағаңың бірімін,— деді қарт.— Маған жақсының бәрі — туыс, жаманның бәрі — жат!

Нұркей аксакал мен Бактылы женгей мені осылайша көптен күткен кәделі қонағындаи арқын-жарқын карсы алды.

Нұрекен екеуміз қатты сағынысып көріскен бауырлардан бетер шүйіркелестік те қалдық. Көптен сыралғы жандарша әп-сэтте-ақ әңгімеміз жарасып аузымызға не түссе соны айтып, ойымызға не келсе соны сұрап мәре-сәреміз.

Дәм бұйырып, мен тағы да аксақалдың берекелі төрінде отырмын. Мауқымыз біршама басылғандай болды-ау деген шакта, қымыз жұтқан сәттегі аз-кем саябырды пайдаланып, от басына көніл койып, көз токтата бастадым.

Бес қанат киіз үй: сары уық, қызыл кереге, көк сыйырлауық, ақ мандайша, коныр табалдырық, жасыл жақтаулар; шаңырақ қана көне екен. Қозы жұнінен шаршылап басқан ақ тұндік, кой жұні қоңыр үзік, туырлықтың да киізі жаңа. Әсем тоқылған ақ басқұр, көк желбау, қызыл уықбау, керегелердің өрнекті танғышына шейін бар. Менің назарымның неге ауып отырғаның анғарған женгей:

— Соңғы төрт-бес жылдың төңірегінде мал, әсіресе кой үстаяға біраз еркіншілік болған соң ғой (мал өсіргеннің не жазығы бар?) жүнге біршама жарып қалғанымыз. Бұрындары мұндай қайда?.. — деді.

— Кой жұні бір кездері қазактың басты қазынасының бірі болды емес пе?..

Төрдегі көненің көзі — нән қара кебеженің үстіне жиналған жүк жабыққа тіреледі, бергі бетін етек жағы кестелі ақ матамен жауып қойыпты. Оған жалғаса аумакты сүрік сандық орын тепкен. Екінші қапталында — бір өре киіз, онан кейін жүнге толы қанаң қап тұр. Бұған жалғаса кереге басындағы сыртын қоқалап тастаған аяққап пен кесекап көзіме шалынды.

Төрге қызыл барқыттан кошқар мүйізденеп салған ақ текемет төселіпті.

Бергі бетін әдемілеп оюлап, бас жағы мен аяқ жағын ердің қасындаи етіп көтерген екі кісілік ағаш кереует сандыққа такау тұр; оның үстіндегі қалың құс тесек, ерлі-зайыптылар жастанатын сопақ келген мамық көпшік көк ала шәйі көрлемен жартылай жабылыпты.

Шыптасты ашық тұрған казан-аяқ тұста қара мес, со пайған ағаш күбі, ұлken елек, өрнекті иінағаш, шүрк тесік кепсер, зерен табак, баулы қырғыш, киіз тұтқыш деген сияқтылар орын алған. Есік жакта Нұрекеннің конышты қара галоши мен бәйбішесінің шап-шағын көк сауыр кебісі қатар жатыр.

Бактылы женгей казан көтеріп келгенге үксайды.

Нұрекен әлі тың екен. Баяғы сол таразы қалпы; етейе де, шөге де коймапты. Карсы алдында мандайы жырта карыс, қыран кабак, күміс самай, сал бүйрасы бар аппак сақалы кеудесін тегіс жауып, белуарына түскен, кейбір талы бидай масағының мұртына ұқсан едірейген қалың қасы бурыл тартқан ақсақал отыр. Дауысы да сол баяғы әсем бір күмбірлеген қоныржай қалпында. Тек бет әлпеті мен екі қолы бұрынғыдан гөрі күреніте, кара кошқылдана түскен. «Мұнысы қысы-жазы далада, күн көзінде, жел өтінде, аяз бетінде көп жүргендіктен болар» деп шамаладым. Берік мойның ғана мен көрмеген, қаңылтырға салған ою сиякты, айқыш-үйқыш әжімдер молынан торлай бастапты. Карттың үстіңгі және астыңғы күрек тістері түгелдей темірден салынған. Онысы кескін-келбетіне біртүрлі үйлеспей тұрған сықылды.

Ал Бақтылы жеңгей болса шүйкедей бол шөгіп, көрер көзге аласарып қалыпты. Нұрын төгіп тұратын бидай өнді беті де біртүрлі суалып, мандайын, көзінің айналасын, мұрнының үстін, жак, құлақ тұсына шейін терең әжімдер ерсілі-қарсылы айғыздап тастаған. Ерекше бір мейірімге толы жұп-жұмсак дауысының өзі жарықшактана бастаған ба, қалай... «Әлде, ауырып тұрды ма екен?» деген ой келді маған. Осынымды айтқызбай анғарған жеңгей:

— Ағаң әлі, көріп отырсың, бакуатты ғой, өз күші өзінде. Мен болмасам... Соңғы екі-үш жылдың төнірегінде ыңқыл-сыңқылым көбейіп, аурушаң бол алдым. Бәлнитсаға да бірер жатып шықтым. Қайта солардың, дәктірлердің арқасында біршама мал болған тәріздімін. Ауруынан айыққан адам қайта туғанмен бірдей болады екен: «Дені сау қойши ауру ханнан жұз есе бақытты» деп бұрынғылар біліп айтқан.

— Женғен картайды ғой...— Бәйбішесінің сары уайымдау сөзін бөлгісі келіп, отағасы миғынан жымысып қойды...

— Ол да бар шыгар...— Бақтылы жеңгей ауыр күрсінді.

— Эшейін айтам, мына қайныңды құлдірейін деп. Сен менен бақандай он жас кішісің. Саған кәрілік қайда!.. Бір кездері бұл женғен да хас сұлудың өзі еді, Қырым мен Үрімнің аузындағы сөзі еді...— деп отағасы енді зайыбының көңлін аулай сөйледі.— Жоғалып табылған мал — олжа, ауырып жазылған жан — олжа... Ақтөс бір жакка шығынып кеткен-ау, шамасы. Әйтпесе, «ит — қораның құлағы» деп, бөтен кісі келгенде үріп хабар беруші еді...

— Баздағы құрылышы қайнымның қаншығына кетті-ау, дәу де болса...

— Жігітшілік жасап жүр екен гой. Ә, соғылған!..

«Ау, мені неге әңгімелеріне қоспайсындар?» дегендей көкірегі өз-өзінен сырылдаپ дәу мысық кірді, бақанмен тіреп ашып қойған киіз үйдің ергенек есігінің табалдырығынан көленкеше білдірмей аттап. Нұрекенің тізесіне, бүйірі қышығандай, асықпай бір сүйкеніп өтті де: «Сіз кім боласыз?— дегендей, менің қарсы алдыма келіп шоқып отырып алды.— Е-е, қонақ екенсің гой. Ертеректе өзінді көрген сияктымын...» Көз қарасымен осындаған бір сауалдардың нобайын танытып, ұлкендігі қозыдай тарғыл мысық Бактылы жеңгейдің жанына барды да, төрт аяғын ілгері-кейін созған ол еркінше көсліп, қаннен-қаперсіз жайбаракат жатып алды.

Бір кездері да старқан қайыра жайылды. Колға су құйылды. Артынша-ақ үстінде бір білем қазысы бар, үйме табак ет тартылды.

— «Сактағаның жесе, сағынғаны келеді» дейтін ырым бар бізде, казакта. Сен төбе көрсетіп қалар деп жеңгеннің арнайылап алып қойған сүрісі ғой бұл. Жылда өсітеді.

— Саған деген сыбағаны Ұлыстың ұлы күні ұнның арасына тығып тастаймын. Жыл айналғанша сол қалпы жата береді. Биыл өзіңе бұйырды.

— Ак пейіліңізге мың да бір рахмет!

Дәм үстінде Бактылы жеңгей:

— Откеннен іште қалған бір өкінішім бар еді. Сәті келіп түрғанда сонымды айтайыншы,— деп жөнделіңкіреп отырды.— Женгелерінің қайныларына ат қоюы атам заманнан келе жатқан ата салты ғой. Қазіргі женгелері қайныларына ат қоя ма немесе түйеден түскендей етіп, атын атай бере ме, өздері білсін...

— Ау, казіргі айалдар¹ өнменінен итергендей етіп, құйеулерін де бақырайтып қойып өз аттарымен атамай ма?— деп Нұрекен пікір косты.

— Жарығым, жетімдікті көп көрдің. Бірақ енді бәрі ұмыт. Қазір төредей жігіт болыпсың. Өзіңе «төрем» деп ат қойсам қалай көресін? Әбессінбейсің бе?

— Неге әбес көрсін?— деп, қысылыңқырап отырған мен үшін Нұрекен жауап берді.— Қайны қыларлық аузында бір тісі бар кемпір табылмай сорлап жүргенімізде...

Бұған үшеуміз де мәз күліп алдык.

— Қазаққа тән нәрсенің бәрі маған жат емес, жеңеше...

— Ой, өркенің өссін! Кәрі жеңгеннің көнілін аулай білген сендей қайныдан айналмассың ба!

¹ «Әйел» деген сөзді Нұрекен осылайша жуандатып айтады екен.

Сонымен, Бактылы женгейдің «төрем» деп ат қоюы аркасында, мен аяқ астынан «тередей» жігіт бол шыға келдім...

Шай ішіліп, тамак желініп, оның артынан тағы да қымыз келіп дегендей, осылардың бәрін адактағаша түс те ауып үлгірді.

1932 жылы халық басына түскен аса ауыр нәубет — жаппай ашаршылықтың салдарынан қаршадайымнан жетім калып, панаңыз балалар үйінде өскен мен ел сағынып, жер көксеп туған өлкеме арнайы ат басын бұрганмын. Бір жағынан осы Нұркей ақсақалдың 1916 жылғы оқиғалардан кейінгі тағдыры, басынан кешкендері, өткені мен кеткені, қазіргісі қатты ойландырып-толғандырып болған-ды.

Бұл жолы сәлем беру үшін қарияны арнайылад өзім іздеп келдім және оңаша отырып әңгіме-дүкен құруымызға бөтен көз бөгет болмасын деп, тоқтаған жерімнен сытылып жалғыз шықтым.

— Ал, айналайын Қайсаржан, «ағаның үйі — ак жайлайу» деген, осында бол, тынық.

Сөздің ретінде өткендегі сұхбат-сырласуымызды әрі қарай созып, жалғастырсақ қайтеді дегендей ыңғай білдіріп едім, менің емеуірінімді бірден түсінген ақсақал:

— Олай болса, бақша басына барайық. «Бұркіт картайса — тышқаншыл» деп, мен де, сол үлкейгендікі білем, бақшашыл болып алдым...

Мұның әзіл ретінде айтылғанын түсінгенімді аңғартып бір жымиып қойдым.

— Түс қайта осында балалар келеді. Олар бізді алаң қылады. Бақша басы оңаша, екеумізден басқа ешкім бола коймас. «Қарбыз-қауын — бір ай сауын» деп, біздің ол «сауынымызды» да көр, дәмін тат.

— Болсын.

Нұрекен дем арасында жиналып та үлгерді. Мен екі-бастан дайынмын ғой.

* * *

Ауылды артқа тастап, иек астындағы биікше келген жұмыр дөңге көтерілдік. Сол сәтте мінер жағымыздан шетсіз-шексіз жазық даланың өр кеудесі, осы өлкенің құзар биігі, бітімі желмаяның өркешіндей оқшау тау — еңселі Сұнқарқиям, бойына жан тенгермей маңқиған күйі, бұлдырай мұнартып, мен мұндалап қияннан көзге шалынды. Бала кезімнен көкіректе хатталып, жүректе жатталған

баяғы сол занғар да маңғаз калпы; өзіне жалғаса жатқан аласалау екінші тау — піл сауырлы «Косбүйрегі» әрқашан қасында.

Ата қонысымның — туған өлкемнің — ұшар басына қыран коңактаған қастерлі де киелі биігі, нық тұғыры, берік бекінісі, арқа сүйер айбаты, мактандыш етер аскары — Сұнкарцияма, катты сағынғандікі болар, көзім талғанша карай беріппін. Сонда оны, сандал тауымды, ұшы-қыры жок, кедір-бұдырсыз кең далада шынтағын таянып дамыл алмак бол бір жамбастап жатқан ертегі-аңыздардағы елін-жерін күзеткен айтулы алып — хас батырға теңегім келіп кетті.

Аспан ашық болса, Сұнкарқиям осылайша күндік жерден көрініп, тіршіліктің мәңгілікке жығылмас айбынды туындағы бол көзге куаныш, көнілге медет, бойға жігер береді.

Біраздасын барып алдымда кең көсліп жатқан көлемді егістікті көрдім. Тура соған беталдық. Таянып келіп те қалдық. Суы мол терең өзегі бар құйқалы алқаптағы жайқалған мол егін — ел ризығы өзінің бітіктігімен көз куантады.

— Біз білетін байлық атаулы жерден өнеді. Емшектегі бала үшін ана қандай болса, адам үшін жер де сондай, — деді Нұрекен алдымыздарды егінжайды иегімен нұскап. — Бұл бір қыдыр дарып, күт конған өнір, қойын-конышы толған ырыс. Мұндай құнарлы жер, сулы алқаптың сәні — егін, бау-бақша. Суармалы егін, қысыр қалуды білмейтін сиыр сиякты, сарқылмайтын береке. Бұрынғылар «тозған елді тоған жияды» немесе «кеткен тамыр келсін десен, кетпен ал да егін сал» деп неге айтты дейсің? Дәл шашпасан, маңыңа торғай да жоламайды. Осы тірлігім ішінде менің бір анық аңғарғаным: жер шұқығандардың мерейі қашанда үstem; қара жерді емгеннің карны ашпайды, жұтқа ұшырамайды. Береке, тоқтық — астықта. Астың атасы — нан, анасы — ағарған.

— Айтары бар ма!

Был шығым ерекше екен. Кісінің белуарынан келетін ак бидайдың сап-сары, дәнге толы тоқ масағы — кере қарыс; салмақты бастарын біркелкі төмен иіп, әсем салбырайды. Бітік шыққан арпа, сұлы дегенің кісі бойындағы, оларды орып таусуға айналған.

— «Көктемде ұйықтамаған қыста қысылмайды» дегеніміз осы. Жазғытұрым диқаннның койына құрт кірсе, күзде қамбасына құт кіреді.

Нұрекен бидайдың бір масағын үзіп алып алақанына салып үкті де, кауызын үрлеп ұшырып, түйір дәнді тісіне басты.

— Пісіп қалыпты. Алдағы аптаның ішінде бұған да орак салатын болар. Соңшама тер төгіп жыртылған жерге зор бейнетпен себілген дәннің бітік егін бол шыққанына не жетсін! О, дикан баба, бергеніңе шүкір!

Ақсакалдың кетпенді көп шауып, қүрек сабын күнде үстап көк мүйізденіп қалған жалпак алақанындағы адамның еңбегін әлденеше еселеп қайтарған ак бидайдың ба-данадай-баданадай дәніне сүйсініп карай бердім.

— Ашы терден — тәтті нан. Кезінде біреулер мұндай жерге бидай жөнді шықпайды деп байбалам салып еді. Тәуекелсіз ер де көгермейді, жер де көгермейді...

Тары еккен танапка да таянып келдік. Жетілген тарының иісі анадайдан аңқып қоя берді. Бітік тары сары балактанып, пісіп қалған.

— «Таразы туғанда тары піседі» деген бар. Бидайдың әр түбінде бір ғана масақтан болса, тарыда тіпті басқаша: әркайсысынан ең кемі — екеуден, ал көбісінде — үшеуден, кейбіреуінде тіпті төртеуден жарыса біткен дәнге толы сап-сары масактарды жұп-жуан сабағы әзер көтеріп тұр: кәдімгідей ауырсынатын сияқты.

— Мынаның бір дестесінен бір қап тары түсері анық!
Айтса, айтқандай-ак екен!

— Осы тары қазақтың жүздеген тайпасын «ак сүйек» жұт, жаппай ашаршылық жылдары тура келген ажалдан талай аман алып қалды. Куанышылықта төзімділігі жағынан бұған тең келетін дақыл жок. Құрғакшылық болғаның өзінде мұның әр гектарынан тоқсан пүт өнімді еркін алып жүрдік. Ал бітік шықкан жылдары үш жүзге дейін барады. Суарма егістен төрт жүз пүттан кем түскенін көрген жокпын.

Иә, аты әлемге әйгілі қарапайым карт дикан Шығанак Берсиев соғыс какап тұрған 1945 жылы ак тарының әр гектарынан 1260 пүттан өнім алып, дүниежүзілік асқан рекорд жасады. Жұмыр жердің бетінде бұған дейін де, онан кейін де ешкім бұл дақылдан осыншама мол өнім жинап көрген емес. Халық даналығын, дикан тәжірибесін бойына мейлінше мол жинаған Шығанак аксакалдың әр түйірін қолмен теріп, өзі сұрыптаپ шығарған атақты ак тарысын кім білмейді (бірақ қазір соның ұшығы мен ұсағы да жок...)?

Жолға жақын тұрған масақтан Нұрекен бір шымшымын үзіп алды. Оны да үгіп, алақанына салды. Маржандай жылт-жылт еткен ак тары нұр жайнайды.

— Тары — қазаққа ежелден кол дақыл. Аса көп күтімді де керек қылмайды. Егетін жерге жылда азын-аулак көң

шашылып, арам шөбін уақытылы отап, үш-төрт рет сұын қандырсаң болды — өнімі шаш етектен, иен астықтың астында каласың. Қызыл тары шөлге де шыға береді. Жазда жаңбыр бірер жауып өтсе болғаны. Мұның қуатын айтсайшы: «Арық малдың етінен бір тостаған сөк артық» деп неге айтты дейсің аталарымыз.

Шынында да, бала кезімізде, наурыз сиякты ұлыстың ұлы күні немесе аса бір қадірлі қонақ келгенде болмаса, нанды көре бермейтінбіз. Бар билетініміз актаған тары — піскен сөк болатын: көже де содан, ботқа да содан, бекпен де содан, ашыған да содан, талқан да содан, арасына ет салып тапаға пісірген наң да содан. Ұн таусылған кезде, кол басында қалта толы тарыны еттің сорпасына салса, іңкәл оруына да жарай беретін. Құрғақ сектің өзін аузыңа толтыра құйып, балғадай тістеріңмен пашыр-пұшыр шайнағанында, жарықтықтың сүт татитының қайтерсің!

— «Себуін әркім себер, жинауын ердің ері жинар» деген де бар. Енді осыншама ырзықты, диканның молынан төгілген мәндай терінің түсімін, азызда — масак, сабанда дән қалдырмай уақытылы жинап-теріп алғанды айт!

Әріректегі ұстін алабұта басып кеткен бір танапқа кезім түсіп еді, Нұрекең:

— Бакпасан мал қысырайды, екпесен жер қысырайды, — деп ренжи сейледі. — Суғаратын мотор жетпейдіні сұлтау етіп, сол араны бірнеше жыл қатарынан бос тастап еді, енді міне нендей қүйге ұшырағанын көзің көріп тұр ғой... Жайлау жайын шопаннан сұра, егістік жайын диканнан сұра. Құр тастамайық, шығырмен болса да суғарып дән шашайық десем, жаңадан келген бастықтың білгішсініп көнбей-ак қойғаны (бастық біткеннің іштен біліп тудым деп төс қағатыны жаман-ак!)... Ертеде осы араның жатағы атпамен атса да, жарамды жерді бос тастамайтын.

Ашық күннің тыл-тыныштығы сондай, бидайдың масағы немесе тарының басы козғалып, бір де біреуі селт етпейді.

— Егін-терін дегеніміз осы, шырағым. Қазір диканның нағыз карманар шағы.

Тары танабының шет пұшпағын бір жүк машинасының таптап кеткенін көргенде:

— Ай, әттеген-ай! Қай оспадарсыз екен мұны істеп жүрген?! Мәндайында көз болғанмен, көкірегі көрсокыр біреу-дағы... Әлде бір оңбаған пияншік пе екен?

Нұрекең қатты кейістік білдірді.

— Жерден өнгеннің бәрі тәкпей-шашпай ысырапсыз жинап алынса ғана — еңбектің қайтқаны. Ал берекесіз-

дікпен рәсүа болғаны — кешірілмес күнә, кепиеті жаман, обалы бар!— деп қария маган қарап өзінің қазіргі жағдайын түсіндіре бастады.

Тарының қыр жақ бетін жаткамен орып жүргендерге катарласа бергенде, Нұрекен:

- Орак түсімді болсын!— деді көтеріңкі дауыспен.
- Айтқаныңыз келсін.

Астықтан үйілген ак, қызыл қырқалар — актарылған мол ризық алыстан көзге шалынды: кәдімгі дан-дария!

Аяндал отырып қырманға жеттік. Еңбек көрігі қыза түскен. Тарыны қызылдарап жатыр екен. Тау-тау бол үйілген қыруар астық майқанға әзер сыйып тұр. Мая жон ак тарысы бір бөлек, жал-жал қызыл тарысы бір бөлек — соңшама қыруар өнім көрген кісінің көңлін өсіреді.

— Қырман қызылға толсын!

— Айтсын, аға!

— Диқанның жаздағы меңнаты өтелді деген, осы,— деді ақсақал, ұшығы аралас бір уыс ак тарыны саусағы арасынан себелеп тұрып.

Былайыракта тарының сабаны бір бөлек, коқымы бір бөлек төбе-төбе бол үйіліп қалыпты.

— Қайсыларың ана егіннің шетін шошқадан жаман қопарып кеткен?

— Нұреке, ол оспадарсыздың жазасын бердік...

Қарияның көңлін басқа нәрсеге аударып, қайтадан котеріле бастаған ашуын басқысы келді білем, ақсақалға нағашы жағынан жақын жас ортасындағы шалғы мұртты сары кісі:

— Биыл көктемде уәкілге не дегенінді алыстан келген ініңе айтқан боларсың?— деп ақсия құлді.

— Эй, сен де бір қайдағыны қозғап...

Солардан білдім: ауданнан келген, егіншіліктен бейхабар бір өкіл: «Ананы әйту керек», «мынаны бүйту керек», «олай етпендер», «былай болсын» деп жер жыртып, тұқым сеуіп жатқан жұртқа маза берменті (диқаншылық дырдуды көтермейді). Соған әбден ызасы келген қарт:

— Шырағым, жыртылған жерге сөз керек емес, дән керек. Сол жағын қамда,— дейді жер кеуіп кетеді деп, себілетін тұқымның түбі көрінгенін айтып. Осы сөз дем арасында көпке жайылып, артынша-ақ нақылға айналып кетеді.

— Аузымен орак орып, қолымен шыбын қаға алмайтындардан жек көрерім жоқ!

Қырман басындағы бригадирден астықтан түсетін табыс көзін аныктадым. Былтыр шаруашылық тарының әр тектес

тарынан 22 центнерден өнім алғанын, был онан да жоғары болатынын айтты. Бір қызығы: откен жылы совхозға бидайдың әр гектары 75 сомнан кіріс әкелсе, тарының әр гектары 236 сомнан пайда келтірілті. Мұндай арасалмақ жылда осылайша болатын көрінеді.

Қайран, казактың тарысы-ай!

Осыншама бітік шыққан егінге, мол өнімге қуана тұрып, бригадирден анықтап сұраганымда, ак тары мен қызыл тарыны да мал азығына пайдаланатынын оның өз аузынан естігенімде, мен біртүрлі боп кеттім. «Алда, обал-ай!..»— деппін ішімнен.

Қайран, молшылық!

Біздің бала кезімізде тарының өзін айтпаганда, талқанына шейін таптырмайтын тамақ еді-ау!..

Маужыраған иен дала — егісті алқап жасампаз енбек әусенімен құлпыра тұскен.

Аңыздың үстін адымдай баса отырып, Нұрекенің бакшасына да келдік. Он екі қанат ак орданың шанырагындағы кауқиган нән шығыр анадайдан көзге шалынды. Бәріректегі камыс күрке — шошаланы содан кейін барып көрдім.

Мұнда да жыын-терімнің нағыз қызған кезі көрінеді: қауын-қарбыз сықай тиелген бір шарбакты өгіз кетіп бара жатса, екіншісі толтырыла бастаған.

Бакшага келген кісінің назарын ең алдымен қауындық пен қарбыздықтағы көгендегі марка козылар сиякты теңкиіп-теңкиіп жатқан соншама көп сары ала, көк ала, торы ала, бірыңғай сары қауыны; көк ала, кара ала, шымқай көк, шымқай қара қарбызы; тоғын басқалы төрт аяғын бүккен ісек койдай теңкиген казандай-қазандай аскабағы; аумаган көнектей, кейбірі шелектей қыл мойын сары сыралысы — бәр-бәрі өзіне тартады; адам енбегінің осыншама мол ризығына қуана көз тоқтатасын.

— Бұрын біздер көп нәрсеге көніл қоймай келіппіз той. Бір гана жуаның өзі жүз түрлі ауруға ем-дауа екенин жиен қызым кітаптан оқып бергенде, мен ан-тан болдым...

Сарымсак өсіп тұрған киіз үйдің аумағындағы гана мөлдекті көргенде мен қайран қалдым.

— Бұл да сол жиен қызымның болмай ектірғені. Енді әдет боп кетті. Қазір ол көрші ауданда әгрөнөм боп істейді. Мұның тұмау-сымауга бірме-бір ем, таптырмайтын дару корінеді.

Жалғыз тұмау-сымау гана ма екен: он бес ғасырдан астам уақыт бұрын байыргы Мысырда сарымсактан жаса-

латын 22 түрлі дәрінің рецепті табылғанын қазір жүрттың барі біледі. Бұлармен бас, іш, тіс ауруларынан бастап, тіпті тамактың ісігіне шейін емдейтін болған; шаршап-шалдыққанда әл шақыру үшін пайдаланған. Дуниеден өткеніне 3,5 мың жыл болған аты әлемге айгілі перғауын Тутанхамонның мазарынан да сарымсак табылған. Тіпті беріде, яғни XVIII ғасырда Лондон қаласында оба ауруы етек жайғанда, сондағы француз діни адамдары сарымсақты күнбек-күн жегенінің аркасында аман қалады да, сасық иісінен қашып оған бармаған сондай қызметтегі ағылшындар обадан түгелдей қырылады. Қазірдің өзінде сұық тиу, тұмауды айтпағанда, сарымсак жүрек дімкәсі, қан қысымының асқынуы сияқты ауруларға қарсы кеңінен колданылады. Қытай мен Жапония елдерінде, жалпы шығыс медицинасында бұл күндері сарымсақтан жүздеген ауру-сырқауды емдейтін өте күшті дәрі-дәрмек жасайды.

Жұп-жұмыр, адамның басындағы қауданы жетіліп қалған капуста біраз жерді алғып жатыр. Мұнда да ең әдепкіде жиен қызы болмай ектіріпті.

Отактың жиі және жаксы жүргізілгені көрініп тұр: бақша арам шөптен ада; атыз, жап сілем, құлақ — бәрі де тап-таза.

Мерзімі өткенін білдіргендей, көп жерді алғып жатқан киярдың бәлектері сарғыш тартып, шуда жіпше ширатыла бастапты. Олардың арасында тұқымға қалдырған, қожыр-қожыр сырты қоп-коңыр бүйендей-бүйендей дәу киярларғана адау-қадау көзге шалынады.

Камыс шалыға ұқсатып бақшаны коршай еккен бойшан құнбағыс — күн гүлінің — кошқыл көк діні сырғауылдай жуандап, басындағы алтынмен апталған, кіші-гірім қазаның қақпағындағы нән «телпектері» «күннің көзі қайдасың?» деп саптағы солдаттарға ұқсан бәрі де батысқа қарай бет бүрған; біреу-жарым шашау шыққаны болсайшы.

Биіктігі кісі бойы, кол созым сұңғақ та бітік жүгерінің сап-сары собығы қыздың білегіне ұқсан жұмырлана түскен; жалпақ та сала құлаш көкпенбек жапырағының ұшы жерге тиіп тұр; кейбіреулерінің аяқ астында сүйретіліп жатыр.

Әріректегі көлемі әжептәуір картоптың әр түбі келісті копсытылған; әрқайсысының аумағы нән кара шәугімді еске салады. Бұлардың басына біткен акшыл гүлдері түгелдей бүр жарып үлгірген.

Осылардың бәрін өз көзіммен көргеннен кейін, мынадай енбеккор камкоршы аталары бар совхоздың бала

бақшасындағы бөбектерге (соларға арнап салынған) кәдімгідей қызығып кеттім.

Жолшыбай аксақал:

— Адам ас қылатын ризықтың бәрі: ақ бидай, ақ күріш, ақ, қызыл тары, ақ арпа, ақ сұлы, ақ собық жүгері, сары қауын, қызыл қарбыз, сап-сары аскабақ — бәрі де кара жерден өніп шығады. Жер — диканның жаны, су — диканның қаны. Құнарлы жер, мол су, еселі еңбек — осы үшеудің сәтімен табысқан тұста неге де болса молынан кенелеріміз хак,— деп бір койды.— Біз білетін байлық атаулының анасы жер болғанда, атасы — еңбек. Адамның бақыты — алақанының аясында, яғни еңбегінде. Тірлігіне адал еңбекті арқау еткен адам ашықпайды да, масықпайды да.

— Эрине ғой.

— Осындайда тоқсан жеті жасаған және тоқсан бесінде атты өзі ертеп мінген атам марқұмның кейбір нақыл сөздері еске түседі: «Күс — көлге, мал — өріске, адам — іске»; «көп білсөң, жұртқа пайдаң да көп тиеді», «жақсының еңбегі — елінікі, жаманның тапқаны — өзінікі»; «еңбегіне қарай — еңбегі», «жалқау жарыған емес»; «арамтамақ аллаға да масыл»; «әрекетсіздіктен асқан азап жок»; «еңбексіз құр ракаттың өзі кісіні жалықтырады, мезі қылады»; «күн — ғалам көркі, еңбек — адам көркі».

— Не деген ұлағатты сөздер!

— Қаршадаймыздан қара жұмыска қақталып өстік. Бейнетке белшемізден батқанды ғана білдік. «Емініп тапқаның екі көзі шығады, еңбекпен тапқанның екі бүйірі шығады» деген рас сөз.

Нұрекең мені шошаласына ертіп келді. Сыртынан кораштау көрініп, екі бұктеңіліп барып есігіне әзер бас сұкканымызбен, жерден кеуlep қазып, ішін әжептәуір кенейткен екен: төрт қанат караша үйдің аумағына жетіп қаларлық.

Бақша басындағы екі жиені тұскі шайға жайған дастарқанды жинауды ұмытып кетсе керек, үсті шашылған сары сөк пен туралған ақ нанның қиқымына толы екенін көрген Нұрекең кәдімгідей қабақ шытты:

— Нанды босқа турама, рәсуа қылма, сөкті шашпа деп мен неше айттым сендерге?! Екеуі де адам еңбегінің жемісі екенін екеуің де тұсінетін жасқа жеткен баласындар.

Аксакалдың бізге ере келген аксары өнді үлкен жиені үялғаннан қып-қызыл боп кетті де, дастарқандағыны дереу темір табакқа салып, бәрін жылдам-жылдам жинастыра бастады.

Сол жиеніне қарап:

— Мына қадірлі конағымызға бақшада не бар екенін көрсетпейміз бе? — деді қария дауысын жұмсарта сейлеп:

Кішісі — домаланған қара бала — дастарқанды тыска алып шығып қағып келді де, біздің алдымызға жайды. Үлкені қолына көне қап ұстап сыртқа шығып кетті.

— «Сауынсыздың жазы болмас, қауынсыздың күзі болмас» деп те айтады. Көктем көгімен, төлімен көрікті болса, күз — дақыл-дәні, қауын-қарбызы, көкөнісі, жеміс-жидегімен шырайлы.

Көп кешікпей әлгі бала жігіт жаңағы қапты толтырып қауын, қарбыз әкелді.

— Қайсаржан, бақша басында менің козым — қауын, лағым — қарбыз... Көк түйнек дейсің бе, әңгелек дейсің бе — бұлар да өзінше бір жеңсік ас, тәтті тағам гой.

Нұрекең қаптағыларды бірінен соң бірін шығарып, өзі еккен қауын, қарбыз түрлерінің бәрінен бар ма дегендей, әуелі әкелгендерді түгендереп шықты. Сосын көпті көрген қара пышағымен үлкендігі кіші-гірім самаурындай сапсары торламаны баппен тіле бастады. Қауын іісі күркені бірден алып кетті, түйсікті қытықтайды. Жалпак тіліктерге қабығынан беріректен қарт тағы да пышақ жүгіртті де, оны айқыш-үйқыш көртіп, менің алдыма қойды. Ұылжып піскен торламаның тәттілігі ерекше екен: салғаннан тілді үйіріп ала жөнелді.

Нұрекең еңбек туралы көкірегіне түйгендерін әрі қарай жалғай түсті:

— Қай еңбектің болмасын жұлдызы жанғаны ләзім. Ұақытын адал еңбекпен өткізген адамның аспандағы жұлдызы қолында. Мен бастық болсам, кол астымдағыларды алдыма келіп елпек қағып иіліп тұрғанына, көлгірсіген көпірме сөзіне, астыма қос-костан көпшік қойғанына бола емес, тындырған нақты ісіне қарап бағалар едім. Еңбекке қыры жоқ адам жағымпаз келеді. Ондайлардың азғын-алаяққа айналуы оп-онай...

Нұрекеңнің манадан бергі ғибратқа толы сөзін, мені көз қылып, екі жиеніне арнап айтып отырғанын анық аңғара бастадым. Екеуінің де нағашы атасының айтқандарын ықылас қойып тыңдай түскенін байқағанда, менің де ішім жылып сала берді.

— Өзекті жан үшін тіршілік рақаты — еңбек терінің молынан тамшылағаны. Иесі ерінбесе, екі қолдың бітірмейтін шаруасы, тындырмайтын ісі жоқ.

— Дұрыс-ақ!

— Сайып келгенде, еңбектің көзін тапқан байлыктың

өзін де табады. Өлмей пенденің жұмысы біте ме? Тіршілік деген сол: таң атса, қам-карекетін жүктеп күн келеді. Бір кісінің несібесін бір шұқыр қырық жыл сактайды. Бірак оны талап қылып іздемеген адам таппайды.

— Иә, еңбексіз талап та — тұл, талант та — тұл.

— Есесі қайтпас еңбек жоқ. Адам боп жаралған екенсің: сенің қолың іске икемді келіп, ақылың жақсы тұрмысқа бастай білуге тиіс. Қалап алған кәсібің көптің қажетіне жарап, отыңның басына күнделікті нәпақа, молшылық әкеліп қана қоймайды, сонымен бірге көңлінді көншітіп; жанынды жадыратады; бекерге жер басып жүрмегенінді айқын аңлатады.

Нұрекен әрқайсысының дәмін татып көрсін деген болса керек, іші сөкке толы тұлыптаі бол теңкиіп жатқан ұп-ұзын, соп-сопак күләбіні де баппен тіле бастанады. Жаңағыдай етіп мұның да жап-жалпақ бір тілігін алдыма қойды. Бұл қауынның да бал татыған тәттілігі таңдай кактырғандай екен.

— Адал істің пірі бар. Іс үстіндегі адамға ауру жуый бермейді. Неден де болса еңбекпен емдел. Тоғыз күн тірлігін болса, он күн тырбан.

Нұрекен енді тәңкерген тостағандай сап-сары жәмбілшені қолына алды:

— Дәмін татып көр,— деп ақсакал оның да бір тілігін жаңағыдай етіп менің алдыма қойды.

Мен жеген әрбір қауынның дәмі де, татуы да бөлек-бөлек, шетінен бал татиды. Осы сэтте менің бала кезімдегі бір елес көз алдыма тұрды.

...Сол бір жоқ-жұтаңдау кездे жұрт жабыла етін еgetін, жаппай бакша салатын. Жаз ортасынан ауа, әсіресе күзді күндері Ырғыздың базары қауын, қарбызға сыймай кететін; қаптап емес, арбалап, арба болғанда бір өзіне казіргі бір жүк машинасына тиеген түгел сыйып кетерлік ұзын шабакты ридуан арбаны аузы-мұрнынан шығара толтырған қауын, қарбызды парлап жеккен екі атан өгіз ыңыранып әрен тартып жеткізетін. Сонда базарға келген жігіттер, ересек адамдар «шорник» деп аталатын ойын ойнайтын. Оның мәнісі мынау: сатып отырган түрлі-түрлі көп қауынның ішінен біреуін таңдап алып (көбінесе түбінен іскеп біледі): «Мұнда осыдан тәтті қауын жоқ» дейді. Екінші жігіт те көп қауынның ішінен өзінше онан да тәтті дегенін іздең табады да: «Мынау сенің қолыңдағыдан да тәтті» деп бәстеседі. Екі қауынның да құйрық жағынан шакпак салып, шынашактай етіп қана бір-бір тіліп алып, базарда ескі-күскі сатып отыратын Әксікбай дейтін соқыр шалға

апарып екеуінің де дәмін татқызады. Шал әлгі екі қауынның қайсысы тәтті десе, соны таңдаған кісі жеңген болады да, екі қауынды да тегін алғып кетеді. Ұтылған адам екі қауынның бірдей акшасын төлейді.

Нұрекен бір қара ала қарбызға пышағын тигізер-тигізбестен, ол да ар ете қалды да, өз-өзінен екіге бөлініп, ортасынан қақ айырылды. Қарбыздың іші қып-қызыл, ертей екен; іп-ірі шопактары қап-қара, жаңа ғана лак жалатқандай жылт-жылт етеді. Қарбыз шекер татиды, таңдайға бассаң болды — өз-өзінен аузында еріп қоя береді.

Ақсақал екінші бір шымкай көк қарбызға қол созды. Оны жарғанда іші сүт қатқан шайға ұқсап бозамықтанып тұрды. Бірак шопағы қып-қызыл екен. Мұның дәмі дә алдыңғыдан артық болмаса, кем түспейтінге ұқсайды.

— Қазір жаппай еңбекке көшкен заман ғой: істемесең тістемейсің. Тұбінде осы дұрыс. Бет-бедел де, атақ-абырой да, өнімді табыс та, көңілдегідей тұрмыс та тырбанғанда қалды. Беделің — сәулетің, еңбегің — дәuletің. Қазір ел табаны еңбекке мықтап тірелді. Көбінесе шаруа баққан озып тұр. Бұл дұрыс та. Көптің көп заманнан бері сарсыла күткені де осы болатын.

Екі жиені ауылдарына қайтқысы келіп қипактап отырғанын байқаған Нұрекен:

— Сендер жүре беріндер. Қайсаржан екеуміз кешірек қайтамыз,— деді балаларға.

— Жақсы, ата...

Кішісі:

— Бұғін кино...— дей беріп еді, ересектеуі оны «аузынды жап» дегендей, аш бүйірінен нұқып қалды. Бала сөзінің аяғын жұтып қойды. Атасы бәрібір жиенінің емеурінің айтпаі-ақ түсінді де, екеуіне де төс қалтасынан шығарып бір-бір сомнан қағаз ақша ұстатты.

Балалар дастарқанды ыждағат жинады да, ұрық-кабықтарды шошала алдындағы қақпағы бар шұқырға апарып таstadtы. Қауын мен қарбыздың желінбегендерін көрсетіп, «мыналарды не істейміз» дегендей, аталарына қарап еді:

— Үйлеріңе алғып барындар,— деді Нұрекен.

Жиендері бізбен кош айттысып, ауылдарына қайтып кетті.

— Кауынды айтпағанда, қарбыздың өзін қанша көп жегенмен сонынан шөліркейсің,— деп ақсақал қара шайнекті суға толтырды да, сыртқа шығып шай қойып келді.

— Нұреке, бұрынғыдай кеусен сұрап келушілер бар ма қазір?

— Эй, жок десе де болады. Откен соғыста күйеулери

немесе балаларының бәрі бірдей опат болған ағайын-туыс, көрші-қолаң, кемпір-шалдарға «өлі сыбаға»¹ ретінде қара азықтан әлі де карасамыз. Қазір олар да жыл санап азайып келеді... Майданда қазаға ұшыраған азаматтардың артында қалған бірлі-жарым қара домалақтары бүл күндері, шүкір, адам болып, халық катарына қосылды.

— «Орында бар оңалар» деген ғой.

— Иә, десейші...

Откендегі қанды қыргыннан от басына қайтып оралмаған екі бірдей ұлының — бауыр еті баласының — кос өренинің өксігі күні бүгінге шейін өзегін өртеген кария біразға дейін үн-тұнсіз, томаға-түйік күйде сазарып отырып қалды. Әлден уақытта барып өзін қолға алып дүр сілкінгендей болды да, қайтадан сөйледі:

— Адал еңбек, маңдай терімнің арқасында мен осы өмірімде біреуден сұрап ас ішкен, біреуден сұрап киім киген, не біреуден сұрап ат мінген жан емеспін. Бұған да шүкіршілік.

— Иә, еңбегін сауғанға не жетсін.

Жайқала өсіп тұрған бітік те бойшаң ақ бидайды, шығымдылығымен көңілді өсірген мол тарыны, диқанның еңбегін әлденеше еселеп қайтарған байламды бақша өнімдерін аралап көріп, жас баладан бетер қуанышқа кенеліп отырмын. Егін орып, астық басып жатқан еңбек адамдарының ыждағат қимылы, жарқын жүздері көз алдында тұр; жерін, елін көгертіп жатқан оларды бәрі де — мейлі жақын болсын, мейлі алыс балсын — маған сағынысып ұшыраскан өз бауырларымдай боп көрінеді.

— Манадан оері мақалдап соғып тым ділмәрсіп кетті деп ағанды сөге жамандама. «Мақал — сөздің мәйегі» деген ғой бұрынғылар. Бәрінен бұрын, мақалдап-мәтелдеп құлағына құймасан, жаңағылар әлі жай сөздің байыбына бара бермейді. Адал дән егумен, суғарумен, күтіммен шығады; адам бойындағы жақсылық атаулы да осы іспеттес. «Қара жердің нәрін ал, қара халықтан тәлім ал» деп отыруши еді атам марқұм.

— Үлкендердің айтқанын, ақылын бүгінгі жастар төгіп-шашпай көңіл құтысына құйып ала білсе ғой!..

— Иә, десейші...

Шай үстінде Нұрекеңе мана отының басында айтқан қолқамды тағы да қайталадым.

¹. Асырайтын азаматынан айырылған кемпір-шал, бала-шагалы үйлерге ортадан күн көрістік астық, мал бөлу; шебін шауып, қора-қолсысын, қыстауын акы-пұлсыз жөндеп беру.

— Иә, иә... Сонда қай жерге келіп төктап едік?
— Сіздің амнистиямен тұрмаден босанғаныңыз, елге қайтып, ауыл қарасын көргеніңіз...

Ақсақал қолындағы қызыл ала бәлекей кесесін дастар-кан үстіне қойып, қалың ойға кетті. Сақалын екі қолымен кезек тарактай береді. Естеліктің құдірет күшімен көп нәрсе қайта жаңғырығып кеудесінде күмбірлеп, санасында оянып, көз алдына келе бастаған болса керек, қария жанарын бір нокатқа қадаған күйі, недәуірге шейін ұн-тұнсіз отырып алды.

Өзім болсам, ішінде еріген қанты бар кара шайды асықпай анда-санда бір ұрттап қойып, көзім астынан Нұрекенді бағудамын.

— Ойбо-ой, шырағым, одан бері нелер бастан өтпеді, нелерге душар болмадақ; талайыма басылған тағдыр талкысының неше түрлі тегеурініне төте беруге тұра келмеді дейсің... Мұның бәрін түгел айтып беруге қанша уақыт керек. Мүмкін емес те шығар...

— Нұреке, есте қалған елеулілерін, осы күнге шейін ойға алғанда өзіңізді қатты толғантып, айрықша тебірентетіндерін ғана біршама теріп шықсаңыз...

Ақсақал қатты тоңып, қалтырай жаурап кеткен адамша, екі қолын дамылсыз уқалаумен отыр.

— Сол тұстағы кезең келбетін, дәуір дүбірін, заман ағымын бажайлап-бағамдап жатуға менің шамам келе кояр ма екен? Өз басымның тыныс-тірлігіне қатысты кейбір есте тұтқандар болмаса...

— Соның өзі жетіп жатыр. Откенде: «Ендігі бір келгенинде жата-жастана асықпай әңгіме-дүкен құрармыз; талай хикая-шежіре айтылар, талай сыр-хикмет шертілер; талай мұн-шер актарылар, талай қайғы-қасірет еске алынар... Аман-сау қауышуға жазса, бәрін алда тағы да жалғастырармыз» деген соң, шынымды айтайын, бір есептен елге арнай Сіз үшін келдім.

— Иә, иә... «Мыңмен кеңес, бірмен сырлас» деген де бар ғой... Бірақ неден бастасам екен? Мен сияқты қарапайым жанның басынан кешкендері кебегі мен талқаны араластарыға үқсай ма, қалай? Саған кебек пен талқанның керегі не? Таза сөгі қажет қой. Соны мен жөнделп айыра алсам жарап еді...

— Он алтыншы жылғы оқиғаларға байланысты шерткен ұзак-сонар хикаянызға қарап сізде ондай мүмкіндіктің мол екеніне көзім анық жетті.

— Біздей карт кісінің бәрінен бұрын басынан кешкен-

дерін — өткендері мен кеткендерін — әңгіме сұраған адамның алдына тосатын әдеті гой.

— Өзікті жанның өмірінен қызық ғибаратты не бар?

— Ендеше еркін отырып осындағанда бір шешілейікші,— деп Нұрекен дүр сілкінді.— Түу сонау астанадан, мен сықылды өлмелі шалға бола әдейілеп келген екенсің, ағымнан жарыла актарылып бір берейін саған... Кімнің көкейінде ғұмыр бойы сарымайдай сактап жүргені жок дейсің. Бірак өзіндей әңгімеге әуес, сөз түсінетін, сыр қылып айтқанынды ықылас қойып тыңдай білетін адамды кездестіру де қын бол барады. Бұл күндері жастар түгіл, соғылған кәрілердің көбісінің ауыздары арактан босамайтын бол кетті. Кейбіреулері дүмшелік жасап, дүниекоңыздық жолға түсіп алды. Қалғандары күйкі тірлік күйбенінен басқаны білгілері де, естігілері де келмейді.

— Енді қайтерсің?!

— Сені күткенім қашан! Барша сырлың мен жырынды еркінсіп айтатын сенімді кісің болғанға не жетсін!

Мен қуанып кеттім: «Жолым болады екен»,— деп іштей күбірлеп те алдым.

— Кейде бір кісінің кеудесін бітеу жараға үксап бебеу қактырып, құңгірт бірденелер қысатын, кернейтін кездер болады. Сонда: «Мұнымды кімге айтып, ішімді босатып алсаң екен?» деген сауал көкіректі тынымсыз ұрғылайды. Сен менің басымдағы осындағы сәтке тап келдің...

— Айтылмаған сыр — ашылмаған кен, алынбаған алтын...

— Солай да шығар... Мандайға түскен әр сырдың әжімнің, шашқа кірген әр тал актың кім көрінгенге айтыла бермейтін, сыртка шықпайтын өз сыр-сықпаты болады, шырағым...

— Эрине гой.

— Ол кезде мен жаспын, он сегізге енді карагантұғым. Сол бір әлдекашан артта қалған, келмеске кеткен жастық, жігіттік шағымды шамам жеткенше жаңғыртып көз алдыма келтіріп көрейін. Ешкімге жария қылмай, өзіммен бірге о дүниеге ала кетуім жарамас...

Нұрекен неден бастарын ойланып қалды білем, тағы да үнсіз отырыңқырап барып, сөзін жалғады:

— Содан, койши, екі-үш ай ата-ана, туған-туысқан, жақын-жекжат, жора-жолдас, дос-жарандардың ыстық ықыласына бөлініп, әр күнім кілің ғана құрмет, қуанышпен өтіп жатты. Мұның бір жақсы жағы — ат түяғы жететін жердегілердің бәріне барып, бәрімен қайтадан танысып, қайтадан табысқандай болдым. Солардың ішінде кешегі

сарбаздарды да кездестірдім. Әмністиядан¹ қайтқандармен бауырымнан артық шұрқырасып көрістім. Бір қызығы, каделеп шакырып, сыйлы қонақ етіп отырған туған-туыскандардан гөрі солармен кездескеніме сондай куанып, әңгімем де көбіне солармен болды. Талай нәрселер ортаға салынды. Айтысып та қалып жаттық. Бірақ бір әбүйірі тартысқа барған жоқпыз. Бәріміздің қайтадан табысуымыз, сайып келгенде, сарбаздар серіктігін құрумен аяқталды. Біз ең алдымен шайқастарда қаза тапқан сарбаздарды түгендедік. Олардың артында қалған кемпір-шал, бала-шагаларының жағдайын біліп, кол ұшын беру, жетімсіртпей ортамыздан бағып-қағу жолдарын, амалын қарастырдық. «Өлі сыбаға» беретін үйлерді бас-басына белгіледік. Шапқыншылық-ұрқіншілік кезінде біреудің біреуде кеткен малмұлкін қайыру, ауыс-түйістерін реттеу, қолды болған тұліктерін табу сияқтыларды, әсіресе сарбаздардың от басына байланыстыларды ең алдымен қолға алды. Жаралы сарбаздарды емдел аяғынан тұрғызу үшін, әрісі — Акмешіт², берісі — Казалы, мына тұрган Шалқар, Ырғыздан ақы-пұл жинап, дәрігерлер шакырттық. Елдегі тәуіптерге шейін алдырыдық. Оташы-сынықшыларды да шайқастарда мертіккен, кол-аяғы сынған, сүйегінен жарапанғандардың қасына жинадық. «Біреуге жан — кайғы, біреуге мал — кайғы» деп, қайтадан өктемси бастаған байлар мен атқамінерлерге бір кісідей бол бірлесіп карсы тұруға пәтуаластық. Жаугершілік жылғы ауғыншылық-сүргіншілікте бытырай кашкан қалың көвшілік күм арасына сіңіп, тау шатқалдарына тығызып, жыныс-жықпылдарға жасырынып, бас сауғалап жүргенде жайлау атаулы құлазып, қыстау біткен қаңырап, көбісінің малы қараусыз қалған. «Жығылғанға — жұдырық» деп, озбыр отаршылардың қанды қылыш жазалаушы әтіредтері бара алмаған ауылдарды да, бас котерер азаматының жоқтығын пайдаланып, кан қақсата аш бөріше талаған, ар-үяттан жүрдай қаскыр пейіл, қандыбалак каракшы — ұры-карылардан корғау да тікелей біздің міндетімізге жатты. Ондай онбаған корқауларға карсы құркол ештеңе істей алмайтын болғандықтан, серіктік катарындағыларды тегіс қаруландырыдық: көбімізде солдаттардан колға тұсken кәдімгі бесатар, ең жоқ дегенімізде дара оқ берденкі бар-ды. Сарбаз болғаннан көргенімізді істеп, күнде кешкісін ауыл шетіне күзет қоюды әдетке айналдырыдық. Жылқышылардың арасында да қарулы адамдарымыз

¹ Дұрысы: амнистия.

² Қазіргі Қызылорда қаласы.

жүрді. Карсыласуға қауқары жок кемпір-шал, бала-шаға, катын-калашты зар жылатып дәніккен кәззап қаракшылардың қактығыс үстінде екеуін колға түсіріп, көптің үйғарымы — үкімі бойынша, екеуін де жүрттың көзінше ағашқа байлад қойып атқаннан кейін, біз жайлап отырған өнірге ондай оңбағандар енді қайтып жұымайтын, қараларын көрсетпейтін болды.

— Өзімен кетсін, нәлдеттер!..

— Жер-дүниеніобып жіберердей ыскырынған екі басты аждаһаның мойны үзілгеніне — зұлым патшаның біржола тактан құлатылғанына, өткенде айттым білем, алабөтен қуандық. Ал көп үзамай, сол жылдың ақырап айының аяғын ала қараша үйлі қазактың, яғни қалың бұқараның алдынан — күні, оңынан — айы, солынан — жұлдызы туды. Кеңес өкіметі орнады! Кедей-кепшік, жарлы-жақыбайлардың көп заманнан бергі көз жасы, тілегі қабыл болды! Аспан мен жердің арасы: «Кеңес!.. Кеңес!.. Кеңес!!! деп ұрандасты. Еңбекші елдің таң Шолпаны — ал қызыл ту Кеңес кенесінің маңдайшасында арайлы да шырайлы желбірегендеге, жүргегіміз жарылардай қуандық. Өзіміз де шаңырағымызға қызыл матадан жалау байлад, мәре-сәре боп қалдық. Артынша-ақ кедей ұраның көтеріп яшейке күрдік. Жаңашыл жас қауым барлық жерде не істесе біз де соны істедік. Ол туралы талай айтылып та, жазылып та жатыр гой. Соларды қайталамай-ақ қояйын...

Нұрекен бастаған арналы әңгіменің желісі босап, аркауы үзілмесін деп, екі кесеге де шайды өзім құйып отырдым.

— Күндіз осындай кат-қабат қам-қарекеттермен жүргендеге ештеңе емес, жалғыз немесе оңаша қалсам-ақ болды, арманда кеткен Айғаныс айым аппак боп көз алдында тұрады да кояды. Артық туған жан еді, боз даланың ардағы еді, бас арманым еді; жүргегімнің дауасы, көңілімнің шамшырағы еді. Қайран, басылмаған қызығым, таркамаған құмарым боп қала берді... Сол қалқамның, Айғаныстың қүйігінен өз аулыма сыймай әлекке түсейін... Эр нәрсеге үрүнып та көрдім. Бірак, көңілім қаламаған соң, бастамай жатып тастап кете бердім. Бұ жалғанда енді маған ешқандай қызық қалмағанға ұксады. Жас жан үшін жүрек зарынан, жарасынан, дертінен ауыр ештеңе жок екенін мен сонда түйсіндім. Өзімді қайда коярға білмей қаңғалактаң жүріп, бір күні Иекене, сенің әкеңе тап болдым. Нар қамыстың басын иіп, табанын тереңдетіп қазып, кең етіп соққан дүкеннің ішіне құрған қыртыс-қыртыс нән кос кара көрік, таусоғар дәудің екі өкпесіне ұксап көмірді лаулата жағып, екпіндей үрлеуден әсте жа-